

Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемін субсидияланатын тұқымдардың әрбір санаты бойынша бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 113 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 мамырда № 4621 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 75 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 30.03.2021 № 75 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 31 наурызындағы № 107 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) 36 тармағына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы аталған қаулының қосымшасына сәйкес, тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемі субсидияланатын тұқымдардың әрбір санаты бойынша бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б. Нығмашевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Б. Сапарбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2020 жылғы " __ " _____
№ __ қаулысына қосымша

Жамбыл облысы бойынша тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға 2020 жылға арналған бюджет қаражатының көлемі

мың.тенге						
Бюджет түрі	Жалпы қажетті	Бірегей	Элиталық	1 репродукция	Будандар	Элиталық көшеттер
Жергілікті	900 000	10 379	194 871	110 907	242 155	341 688
Республикалық	150 000	0	39 000	40 050		70950
Барлығы	1 050 000	10 379	233 871	150 957	242 155	412 638

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК